

© КОЛЛЕКТИВ АВТОРОВ, 2020

**УДК 61(07)**

**А. Т. Бектурсунова, Г. Г. Ерёмичева, Д. Е. Жупенова, М. А. Син, А. А. Исаева,  
А. Б. Кысабекова, В. О. Горошко, Т. А. Кенжетаева**

## **ЖОГАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ҒЫЛЫМИ-БАҒЫТТАП ОҚЫТУ ӘДІСІН ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚТА ҚОЛДАНУ**

Қарағанды медицина университеті (Қарағанды, Қазақстан)

Мақалада білім алушылар алған білімін кеңейту және ғылыми жұмысын нақтылау мен болжамын дәлелдеу үшін, ғылыми-зерттеу жұмысы білім жүйесінде басты міндет болып саналады. Ғылыми бағыттап оқыту (Research-based learning -RBL) оқу үрдісі әдебиетпен толық жұмыс істеге бағдарламасы болып саналады. Білім алушылардың тәжірибелік зерттеулерін жоғарлатуға ынталандыру. Медициналық тәжірибеде осы белсенді әдісті қолдану арқылы, өз нәтижелерін медициналық және ғылыми-зерттеу мәліметтер базасында мақалаларын (Medline, Cochrane Library, PubMed, Google ғалымы және т.б.) жүзеге асыру.

*Кілт сөздер:* RBL, ғылыми зерттеу, белсенді оқыту әдісі, білім алушылар

Қазақстан Республикасының тұнғыш президенті Н. Назарбаев «Білім берумен қатар ғылымды жетілдіру Республикамыздың бәсекелестікке қабілетті 30 мемлекеттің қатарына кірудің басты шарттарының бірі» деп көрсетілген

Елбасымыз Н. Э. Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясында «Ұлт денсаулығы – біздің табысты болашақымыздың негізі» демекші, ұлт денсаулығы ол сапалы медициналық білім негізінде жатыр. Медициналық білім дамуы ол білікті мамандармен сапалы білімнің және тәжірибиенің арқасында қалыптасады [3].

Қазіргі заманауи кезінінде медициналық жоғарғы оқу орындарында белсенді білім беру жүйесінде, оқытудың әр түрлі әдіс тәсілдерін қолдана отырып, білікті ақ жағдайда ерекше мән беруде. Қазіргі кезде егемен елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енүге бағыт алуда. Бұл оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Себебі, білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңа жаңа қозғалыс, жаңаша қарым-қатынас пайдада болуда. Келер үрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми – педагогикалық негіздерін менгеру маңызды мәселелердің бірі.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі аудай қажет жаңару оқытушының қажымаң ізденгілдіктері мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқушының қабілеттіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденгілдікке, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыра-

тын жаңартылған педагогикалық технологияны менгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты дейгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Білім беру саласы медициналық қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі – белсенді оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманы педагогикалық технологияларды менгеру [2].

Жоғары оқу орындарында стратегиялық жоспарының келсімі бойынша студенттердің ғылыми құзіреттілікті дамыту үшін 2015 жылдан (Research-based learning-RBL) ғылыми бағдарлау бағдарламасын енгізді. Бүгінгі күнде зерттеу компоненттері әлемнің барлық ЖООНІҢ оқу процесіне енгізілді. (RBL) – бұл оқыту барсында студенттерді оқытушының бақылауымен сабакқа деген қызығушылығын арттыру және олардың, өз беттерінше әрі қарай жұмыс жасауларына мүмкіндік беретін, оқытудың биік кезеңіне жататын бағдарлама [1]. Университет Миннесота (АҚШ) ғалымдардының зерттеуі бойынша, сол сияқты басқада мәліметтерге қарағанда, студенттердің зерттеу жұмыстарына деген сенімділіктері артады және әрі қарай оқу мен кәсіптік қызметтің жақсартады деп сенеді [4] RBL студенттердің белсенді оқыту әдісі болып есептеледі. Оқу барысында студенттер білімді менгеріп қана қоймайды, сонымен қатар олар жаңа білім үрдісін құрушы болып саналады [5]. Қарағанды медицина университетінің «Педиатрия және неонатология» кафедрасында оқытудың белсенді әдістерінің бірі – ғылыми бағыттаған оқыту (RBL) әдісі қолданылады. Қазіргі таңда оқытушылар инновациялық және ғылыми зерттеу әдістемелерін сабак барысында пайдалана отырып сабактың сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуі қажет.

# Медицинское и фармацевтическое образование

**Сабактың мақсаты:** 1) ғылыми зерттеу әдісі туралы ақпаратты зерттеу; 2) өз тақырыбына байланысты мақалаларды (Medline, Cochrane Library, PubMed, Google ғалымы және т.б.) ғылыми-зерттеу мәліметтер базасында іздең, қолдана білуді үйрену; 3) табылған мақалалардың нәтижелерін бағалау

## ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ МАТЕРИАЛДАРЫ

Тәжірибелік сабакта «Ерте және ересек кезеңдегі балалардың негізгі патологиясы» модулы бойынша, екінші кредит «Жедел пневмония. Түрлі қоздырғыштардан туындаған пневмонияның ерекшеліктері» тақырыбына арналған. «Жалпы медицина» факультеттің төртінші курс білім алушылары үшін, топтық бағытталған оқыту әдісі жүйелі түрде үйимдастырылған. Топ 3-4 топтарға бөлінген. Сабак алдында оқытушы, тақырыптың маңыздылығын, құрылымын өзектілігін, қазіргі білім алушылар оқытудың озық технологияларын менгермейінше сауатты жаң-жақты дамыған маман болу мүмкін емес екенін түсіндіріп отті.

Студенттер тақырыпқа сай медициналық білім мәселелерін шешу үшін өз бетімен ғылыми зерттеп, әдебиеттік материал іздең өз жұмыстарын презентация арқылы көрсетіп, материалдың ақиқат екенін және алып отырған ғылыми материалдың нақты екені дәлелдей бағалай білді. Сабак сонында анкета толтырып, білім алушылар өз пірірлерін ойға салды. Оқу процесінде RBL бағдарламасы әдебиеттік ғылыми іздену әдіс болғандықтан, студенттердің оқуында одан әрі қолдануға кең мүмкіндіктер ашады.

## НӘТИЖЕСІ

Тәжірибелік сабактан алған білімдерін, студенттер әрі қарай ғылыми зерттеу жобалауына белсенді қатысуға, ғылыми конференцияларға және баяндамаларды жариялауға ғылыми саладағы медициналық әдебиеттердің мәліметтер базасын (Medline, Cochrane Library, PubMed және т.б.) әрі қарай пайдалануға мүмкіндік береді [6]. Сонымен қатар, осы тәсіл аясында ғылыми сипаттағы мәліметтерді практикалық сабактарда ғана емес, сонымен қатар студенттер өзіндік жұмыстарында орындау кезінде дербес қолдана алады. Сондықтан жаңа қоғам үшін өз кәсібін жақсы билетін білімді маман керек. Алған білімің кеңейту және ғылыми жұмысын нақтылау мен болжамын дәлелдеу үшін ғылыми-зерттеу жұмысы білім жүйесінде басты міндет болып саналады. Мұндай әдіс студенттердің алған білімдерінің нәтижесінде олардың ғылым әлемінде алған ақпараттарын анализдеу және дәледеуге негіз болады.

## ҚОРЫТЫНДЫ

1. Өткізілген сабактың тиімділігін төмendegідей тұжырымдауға болады: 1) оқушылардың оқудағы зерттеу тәсілін жетілдіру; 2) мақалаларды жан-жақты зерттеп, ғылыми мақалаларды талдауын дамыту; 3) табылған ғылыми зерттеулердің мәліметтерін (Medline, Cochrane Library, PubMed және т.б.) тәжірибелік медицинада қолданып және теориялық материалмен байланыстыруды үйренау.

2. Осылайша, белсенді оқыту әдісінде RBL шығармашылық ойлау қабілеті бар, инновациялық дамыған және ғылыми қызметке бейім мамандарды даярлауға мүмкіндік береді. Оқу үрдісіндегі осындағы екін студенттердің ғылыми құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді. Белсенді әдістерді менгеру барысында негізгі құзыреттіліктерді шындалап, дамытып қазіргі заман талабына сай, бәсекеге қабілетті еліміздің дамуына үлес қосатың ақ халатты азбал жандар маманы болып шығуына мүмкіндік береді.

## ӘДЕБИЕТ

1 Dosmaғambetova R. S. Ғылыми-бағыттар оқыту. Оқу әдістемелік құрал /R. S. Dosmaғambetova, Г. С. Кемелова. – Қарағанды, 2016. – 232 с.

2 Kaldybaeva A. T. Student densauulyfy – sapaly bilim beru faktory /A. T. Kaldybaeva, R. E. Nurfaлиeva, A. Amanzholқызы //Batys Kazakstan medicina zhurnaly. – 2013. – №1(37). – S. 302-303.

3 Послание Президента РК Н. Назарбаева народу Казахстана от 14 декабря 2012 года «Стратегия Казахстан 2050» Новый политический курс состоявшегося государства».

4 Basic Medical Education WFME Global Standards for Quality Improvement. The 2012 Revision. WFME Office. – University of Copenhagen. – Denmark, 2012. – 46 p.

5 Sagynbazarova A. B. Case-study in the modylar educational system on the disciplines' Fundamentals of medicaments' production technology and Fundamentals of pharmaceutical logistics /A. B. Sagynbazarova, K. Sh. Urazgaliyev // Медицинский журнал Западного Казахстана. – 2016. – №4 (52). – P. 70-74.

## REFERENCES

1 Dosmaғambetova R. S. Fylymi-baғytтар оқыту. Оқу әдістемелік құрал /R. S. Dosmaғambetova, G. S. Kemelova. – Қарағанды, 2016. – 232 s.

2 Kaldybaeva A. T. Student densauulyfy – sapaly bilim beru faktory /A. T. Kaldybaeva, R. E. Nurfaлиeva, A. Amanzholқызы //Batys Kazakstan medicina zhurnaly. – 2013. – №1(37). – S. 302-303.

3 Poslanie Prezidenta RK N. Nazarbaeva

## **Медицинское и фармацевтическое образование**

narodu Kazahstana ot 14 dekabrja 2012 goda «Strategija Kazahstan 2050» Novyj politicheskij kurs sostojava shesgosja gosudarstva».

4 Basic Medical Education WFME Global Standards for Quality Improvement. The 2012 Revision. WFME Office. – University of Copenhagen. – Denmark, 2012. – 46 p.

5 Sagynbazarova A. B. Case-study in the

modylar educational system on the disciplines' Fundamentals of medicaments' production technology and Fundamentals of pharmaceutical logistics /A. B. Sagynbazarova, K. Sh. Urazgaliyev //Medicinskij zhurnal Zapadnogo Kazahstana. – 2016. – №4 (52). – P. 70-74.

Поступила 03.07.2020 г.

*A. T. Bektursunova, G. G. Eryomicheva, D. Ye. Zhupenova, M. A. Sin, A. A. Isayeva, A. B. Kysabekova, V. O. Goroshko, T. A. Kenzhetayeva*

*APPLICATION OF RESEARCH-BASED LEARNING IN PRACTICAL LESSONS IN HIGHER EDUCATION ESTABLISHMENTS  
Karaganda medical university (Karaganda, Kazakhstan)*

In the article, research work is a key task in the education system to expand the knowledge acquired by students, as well as to clarify and justify the forecasts of scientific work. Research-based learning (RBL) is a program where the learning process is fully integrated with literature. Encourage students to improve their research. Using this active method in medical practice, embed your results in articles in medical and research databases (Medline, Cochrane Library, PubMed, Google scientist, etc.).

*Key words:* RBL, research, active learning method, students

*A. T. Бектурсунова, Г. Г. Ерёмицева, Д. Е. Жупенова, М. А. Син, А. А. Исаева, А. Б. Кысабекова, В. О. Горошко, Т. А. Кенжетаева*

*НАУЧНО ОРИЕНТИРОВАННОЕ ОБУЧЕНИЕ (RBL) НА ПРАКТИЧЕСКИХ ЗАНЯТИЯХ В МЕДИЦИНСКОМ ВУЗЕ  
Карагандинский медицинский университет (Караганда, Казахстан)*

Исследовательская работа является ключевой задачей в системе образования для расширения знаний, приобретаемых студентами, а также для уточнения и обоснования прогнозов научной работы. Research-based learning (RBL) – это программа, в которой процесс обучения полностью интегрирован с литературой. Авторы статьи приходят к выводу о том, что необходимо поощрять студентов к улучшению исследований, используя этот активный метод в медицинской практике, публикуя результаты в статьях в медицинских и исследовательских базах данных (Medline, Cochrane Library, PubMed, Google ученый и др.).

*Ключевые слова:* RBL, исследование, метод активного обучения, обучающиеся